

Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың (комитеттер, кеңестер) төрағалары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 114. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.29. N 594 қаулысымен ~P020594

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Үкіметаралық комиссиялардың (кеңестердің) Қазақстан жағының:
Дүйсенов Д.Т. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы N 980 қаулысымен P960980_ бекітілген Г.Г.Штойкты босата отырып, Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-герман кеңесінің;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 303 қаулысымен P960303_ бекітілген Г.Г.Штойкты босата отырып, экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-француз жұмыс тобының;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 8 ақпандағы N 137 қаулысымен бекітілген Г.Г.Штойкты босата отырып, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай комиссиясының;

Коржова Н.А. - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы N 980 қаулысымен P960980_ бекітілген П.И.Крепакты босата отырып, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-монғол комиссиясының;

Қажыбаев А.Қ. - Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің төрағасы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы N 980 қаулысымен бекітілген А.Ж.Жұмабаевты босата отырып, сауда-экономикалық байланыстар мен ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-румын комиссиясының;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 тамыздағы N 980 қаулысымен бекітілген А.Ж.Жұмабаевты босата отырып, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-болгар

к о м и с с и я с ы н ы ң ;

Оспанов Х.А. - Өнеркәсіп және сауда министрі - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қаңтардағы N 14 қаулысымен бекітілген Е.Ә.Өтембаевты босата отырып, сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-оңтүстік корей комиссиясының төрағалары болып бекітілсін.

2. Үкіметаралық комиссиялардың Қазақстан бөлігі құрылсын және:

Оспанов Х.А. - Өнеркәсіп және сауда министрі - Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-швейцар бірлескен комитетінің;

Қажыбаев А.Қ. - Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің төрағасы - сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-словак аралас комиссиясының төрағалары болып бекітілсін.

3. "Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қаңтардағы N 14 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі